

## **Урнекова Ақмарал**

*Алматы облысы, Қарасай ауданы, Бұлақты бастауыш мектебі,  
мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі*

### **Саналы ұрпақ тәрбиелеудегі ұлттық құндылықтар**

Болашақ жастарды тәрбиелеуде ең алдымен әр ұлттың ұлттық құндылықтары, салт-дәстүрлері, тілі мен оның меңгерілуі, ділі, тарихы, әдет-ғұрпы, ұлттық намысы, әр ұлттың мекен еткен атамекен жеріне тән қалыптасқан ерекшеліктерін дәріптеп, тәрбие мен білім беру керек. Өсіп келе жатқан жас ұрпаққа біліммен қатар ұлттық құндылықтарға аса мән беріле отырып тәрбиелеу қажет. Атам қазақ «баланы- жастан» деп ұлттық салт-сана мен әдет-ғұрыпты баланың жас кезінен сіңіруге ерекше мән берген.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде, оларға жастайынан имандылық пен ұлттық қасиеттерді сіңіре білсек, сонда ғана біз ұлттық рухы дамыған, Отанының гүлденуіне өз үлесін қоса алатын азамат өсіре аламыз» деген болатын. Сондықтан жас кезінен тәрбиелеуде олардың нағыз толыққанды тұлға болуы үшін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеудің маңызы өте зор.

Құндылық – тұлғаға және жас ұрпаққа тәрбие мен оқыту барысындағы адами қасиеттерге бағытталған атадан жалғасын тапқан мұралар. Олар адам бойынан табылатын сыйластық, имандылық, кішіпейілділік, қайырымдылық, шешендік, сыпайылық, мәдениеттілік, шығармашылдық, ізгілік, рухани байлық сынды қасиеттерді атауға болады. Сондай-ақ халқымыздың үлкен ұрпақтан жас ұрпаққа қалдырған тілі, діні, ділі, салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары және өсиет сөздері арқау бола алады. Әрбір ұстаздың адамзат алдында тұратын басты міндеті болашақ ұрпаққа адал еңбегімен білімді, тәрбиелі, отанын, елін сүйетін, ерік-жігері мықты, еңбексүйгіш ұрпақ тәрбиелеп өсіру. Бұл міндетті еліміздегі әр халық салт-дәстүріне қарай іске асырылып келеді. Әрине әр халық ғасырлар бойы сыннан өтіп, сұрыпталған озық салт-дәстүрлерін жас ұрпақты тәрбиелеуде пайдаланып келген.

Өз ұлтын қадірлеп, қастерлеген, ұлт қадірін білген азаматтың бірі М. Жұмабаев: «Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиелі баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» деп атап өткен.

Ұлттық құндылықтардан нәр алып, ата-бабанының рухани аманатын болашақ ұрпаққа өз дәрежесін жоғатпай жалғастыру, жеке тұлғаны қалыптастыру бүгінгі білім жүйесіндегі негізгі міндет болып отыр. Салт-дәстүр, әдет-ғұрып атадан балаға мирас қалып отыратын мол мұра болғандықтан, әр ұлттың өзіне тән салт-дәстүрлері бар. Салт-дәстүрдің пайда болып, қалыптасу тарихына көз жіберсек, олар халықтың әл-ауқат, тұрмыс-тіршілік болмысынан туып қалыптасатынын көреміз. Сондықтан әр халықтың дәстүрлерінің дұрыс-бұрысы бар деуге болмайды, озығы мен тозығы да кездеседі.

Қай елдің болмасын өсіп-өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы, оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына тікелей байланысты. Осы тұрғыдан алып қарағанда болашақ жастарды тәрбиелеу мен дамытуда ұстаздың рухани және адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға байланысты іс-әрекеттеріне аса назар аударылып келеді.

Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде жан-жақты тәрбелеумен қатар, білім сапасын арттыру ең аса маңызды мәселе. Сонымен қоса отбасында да бала тәрбиесіне аса мән беріліп, мектепке дайындау бүгінгі күннің кезек күттірмейтін мәселелердің бірі болып табылады.

Болашақ жас ұрпақты тәрбиелеуде олардың бойынан ұлттық құндылықтарды құрметтей алуға тәрбиелеу, ұлттық құндылықтар біздің тіршілігіміз, бабаларымыздан қалған асыл мұра екенін түсіндірумен қатар, тәрбиеленушілерді елжандылыққа, терең ойлауға, ғылым мен өнер сүйеге, ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрлерімізге байланысты білімін дамыту арқылы нығайтуға аса мән берілгенде ғана ұстаз еңбегі нәтижелі болары сөзсіз.

Кез-келген ұлттың сипаты бес қағидаға, ол біріншісі – тілі, екіншісі – діні, үшіншісі – дәстүрі, төртіншісі – тарихы, бесіншісі – атамекені деп атаған Мұхтар Арын. Осы құндылықтарды сезім арқылы қабылдап, ал сана арқылы түсінуге

болады, соның нәтижесінде жас ұрпақ ұлттық құндылықты игереді, соған сай әрекет етіп, өсіп өнеді.

Болашақ жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды дамытуда: топтағы тәрбие сағаттары, мектептен тыс және сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру, кітаптар оқу, саяхаттау, үйірмелерге қатысу, шығармашылық жобалар қорғау, қабырға газеттері, қоғамдық іс-шараларға қатысып байланыс жасау, түрлі тәрбиелік іс-шаралары т.б. жатқызуға болады.

Болашақ жастардың алдында тұрған басты мақсат – ұлттық мұра құндылықтарын қазіргі таңның мәдени жетістіктерімен үйлесімділікте болуы, яғни ол өзінің өсу-даму, есею кезінде ақ сүт беріп асыраған ата-анасымен де, білім берген ұстаздарымен де үйлесім таба білуі керек. Сонда ғана өсіп келе жатқан жастардың бойында ұлттық рухани қасиеттер бірте-бірте қалыптасары сөзсіз. Олардың бойындағы рухани құндылықтарды қалыптастырудың көзі, отбасы, әулет, әлеуметтік орта, мемлекет болса, ұлттық құндылық, ұлттық салт-сана, ұлт алдындағы міндет, парыз, намыс, ұлттық рух, ұлттық салт-дәстүр, тұлға бойындағы ұлттық құндылықтың жоғары көрсеткіші.

Қорыта айтқанда, қоғам өзгерсе де ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүріміздің көнермейтіндігін еске салып, ұлттық мұраны қайта жаңғырту. Қазақ халқының әрбір тұжырымды ойы, мақал-мәтелі, тыйым сөздері тәрбиенің мол мұрасы екендігін, оны күнделікті өмірде қажеттілігін бойымызға сіңіре білуімізде. Халқымыздың ұлттық құндылықтары мен әдет-ғұрып, дәстүрін, тарихын біліп, оның қастерлеп, бүгініміз бен келешегіміздің нәрлі қайнарына айналады деген сенімдеміз.

#### Қолданылған әдебиеттер

1. Бөрібаев Т. Қазақ менталитетінің әлеуметтік-философиялық табиғаты // Қазақстан жоғары мектебі.– 2003.–№4.–196.20б.

2. Сыдықов М.Е. Сыныптан тыс жұмыстарда жеткіншектердің адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың педагогикалық шарттары.13.00.01 – п.ғ.к. автореф. Түркістан, 2008. – 28 б.